

Төлеби ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы

Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2008 жылғы 11 сәуірдегі N 6/88-IV шешімі және Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімиятының 2008 жылғы 18 сәуірдегі N 111 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2008 жылғы 29 сәуірде N 1981 тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 11-бабына сәйкес Төлеби аудандық мәслихаты мен әкімдігінің бірлескен ұсынысын ескере отырып, Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШТІ** және Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **Қ А У Л Ы** **Е Т Т І** :

1. Төлеби ауданында жаңа ауылдық округі құрылсын, құрамына Киелітас, Достық, Ақайдар, Сұлтанрабат елді мекендері қосылып, әкімшілік орталығы Достық ауылы **б о л ы п** **б е л г і л е н с і н .**

2. Жаңадан құрылған ауылдық округіне Киелітас атауы берілсін.

3. Төлеби ауданының Киелітас, Достық, Ақайдар және Сұлтанрабат елді мекендерінің жері Қазығұрт ауылдық округінің құрамынан шығарылып, оның **ш е к а р л а р ы** **ө з г е р т і л с і н .**

4. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихат сессиясының төрағасы
О б л ы с ә к і м і

Облыстық мәслихаттың хатшысы